



ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТІ МЕКТЕП ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Қалмырзаева Нужамал Бекполат қызы

*Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының
Магистратура бөлімі-нің магистранты, Беруни ауданы 18-мектептің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің оқытушысы E-mail:nurjamalqalimirzaeva@gmail.com*

Аннотация: Бұл мақалада түсіндірме сөздіктің білім беру үдерісіндегі орны мен оны мектеп және жоғары оқу орнында қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Түсіндірме сөздіктің құрылымдық ерекшеліктері, лексикографиялық принциптері талданып, оқушылар мен студенттердің тілдік, коммуникативтік және академиялық құзіреттілігін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер ұсынылады. Зерттеу барысында бақылау, салыстырмалы талдау, педагогикалық эксперимент әдістері қолданылады. Нәтижесінде сөздікпен түрлі жұмыс жүргізу оқушылар мен студенттерге сөздік қорын дамытып, ғылыми түрде шығармашылық қабілетін дамытатыны сөзсіз.

Кілт сөздер: түсіндірме сөздігі, лексикография, тілді байыту, ғылыми сауаттылық, метод, семантика

Аннотация: В данной статье рассматривается роль толкового словаря в образовательном процессе и научно-методические основы его применения в школах и высших учебных заведениях. Анализируются структурные особенности и лексикографические принципы толкового словаря, а также предлагаются эффективные методы, направленные на развитие языковой и академической учащиххся и студентов. В ходе исследования были использованы методы наблюдения, сравнительного анализа и педагогического эксперимента. В результате было установлено, что систематическая работа со словарем обогащает словарный запас учащиххся и повышает их способность составлять научные тексты.

Ключевые слова: толковый словарь, лексикография, обогащение языка, научная грамотность, метод, семантика

Abstract: the article examines the role of explanatory dictionaries in the educational process and the scientific-methodological foundations of their use in schools and higher education institutions. The structural features and lexicographical principles of the explanatory dictionary are analyzed, and effective methods aimed at developing students linguistic, communicative, and academic competencies are proposed. The research used methods of observation, comparative analysis, and pedagogical experiment. As a result, it was found that systematic work with dictionaries enriches students vocabulary and increases their ability to compose scientific texts.



Keywords: *explanatory dictionary, lexicography, language enrichment, scientific literacy, method, semantics.*

Бүгінгі күнде ұлттық тілдің қызметін сақтап, дамытып және ғылыми түрде жүйелеу мәселесі ерекше проблема болып отыр. Тіл— тек қарым-қатынас құралы болып қана қоймай, ұлттың тарихын, дүнетанымын және мәдениетін сақтаушы. Сондай-ақ, тілдік қатынастарды ғылыми түрде сипаттап, жүйелеп, нормативтік түрде дамыту— тіл білімінің басты мақсаты болады.

Демек, осы міндеттерді амалға асыруда лексикография ғылымының орны ерекше. Лексикография – тілдің сөздік құрамын жинақтап, жүйелеп, ғылыми сипаттау проблемасымен айналысатын сала. Қазақ тілінің білімінде лексикографияның дамуы мен қалыптасуы ұлттық жазба мәдениеттің дамып жетілуімен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде сөздің мағынасы мен тілдің тазалығы және әдеби норма мәселелерімен ең алдымен ғылыми негізде дамыды десек артық айтқандық болмас. Сондай-ақ, одан кейін де Ілияс Кеңгесбаев, Рабиға Сыздық, Әбдуәли Қайдар сияқты ғалымдарымыз қазақ лексикографиясының теориялық және практикалық тұрғыдан дамытып жетілдірді.

Түсіндірме сөздігі – ұлттық тіліміздің лексикалық тұрғыдан толық дамытып, сөз мағыналарын, стильдік реңктерін, қолдану өзгешелігін сипаттайтын іргелі ғылыми еңбек. Мектеп оқушыларына мен жоғары оқу орнының студенттеріне түсіндірме сөздікті қолданудың әдістемелік негіздері. Яғни, түсіндірме сөздікпен жұмыс жүргізу студенттер мен оқушылардың тілдік құзіреттілігін дамытуда айрықша рөл атқарады. Түсіндірме сөздік арқылы.

- сөздік қоры дамиды;
- сөздің мағынасын ажырату дағдысын қалыптастырып отырады;
- мәтіндік түсіну дағдысы мен қабілеті жетіледі;
- тілдік нормасы да сақталып отырады.

Әдістемелік негізге сүйене отырып мектеп оқушылары мен жоғары оқу орнының білімгерлеріне «Контекстік талдау» әдісі әдістемелік негіздері мен білім беруде пайдалану.

Контекстік талдау әдісі—сөздің мағынасын оның ішіндегі қолданыстағысына сүйене отырып, оның анықтау тәсілі. Әдістің теориялық негізі семасиология мен функционалдық лингвистика қағидаларына тіреледі. Сөз мағынасы оқшау күйде емес, керісінше тілдік ортада айқындалатыны лексикографияда дәлелденгені анық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі еңбегінде әрбір реестр сөздің мағынасы көркем әдебиеттен алынған мысалдар арқылы дәлелденіп беріледі. Бұл – сөз мағынасын контекст арқылы нақтылау принципінің ғылыми негізде жүзеге асқан үлгісі болмақ. Сөздік құрылымында:



--сөздің негізгі мағынасы;

--ауыспалы мағынасы;

--стильдік белгісі;

--иллюстрациялық мысал;

жүйелі түрде беріледі. Демек, контекст сөз семантикасын ашудың басты құра-

лы болып табылады.

Мектеп жағдайы мен жоғары оқу жағдайына байланысты контекстік талдау әдісін қолдану

Жалпы орта білім беру жүйесінде контекстік талдау әдісі оқушылардың

мәтінді түсіну, сөз мағынасын ажырату және әдеби тіл нормасын сақтау

дағ-

дыларын қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік кезеңдері:

1. Мәтінді талдау.

Оқушылардың жаас ерекшелігіне сай көркем немесе ғылыми мәтін ұсыныла-

ды.

2. Лексикалық бірліктерді анықтау.

Түсініксіз немесе көпмағыналы сөздер белгіленеді.

3. Контекстік болжам жасау.

Оқушы сөздің мағынасын мәтін мазмұнына сүйене отырып болжайды.

4. Сөздікпен ауыстыру.

Болжам Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі арқылы тексеріледі.

5. Қорытындылау.

Контекстік мағына мен сөздіктегі анықтама салыстырылады.

Мысалы, «терең» сөзі мәтінде «терең ой» тіркесінде келсе, оқушы оның физикалық кеңістік емес, абстрактілі ұғым білдіретін ауыспалы мағына екенін анықтайды.

Қорыта айтқанда, контекстік талдау әдісі мектеп оқушыларына сөз мағынасын дұрыс түсінуге, ал жоғары оқу орны білімгерлеріне ғылыми семантикалық талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс түсіндірме сөздіктің

құрылымдық принциптерімен толық сәйкес келеді және қазіргі білім беру

үдерісінде тілдік құзіреттілікті қалыптастырудың тиімділігі болып саналады

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Том-10 А.Ы.Ысқақов. Алматы: Ғы-



лым,1986-512 бет

2.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі:10 том.Алматы:Ғылым,1980.-640бет

3.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.—Алматы :Ғылым,1961

4.Ахмет Байтұрсынұлы, Тіл тағылымы.—Алматы:Ана тілі,1992

5.Ілияс Кенгесбаев.Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.—
Алматы:Ғылым,1997жылы